

Жергілікті атқарушы органның заемдары мен борыштары туралы тоқсан сайынғы есептің нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2000 жылғы 10 сәуір N 168 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 5 мамырда тіркелді Тіркеу N 1126. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2007.04.24. N 138 бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 наурыздағы N 225 қаулысымен бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесінің 580-тармағына сәйкес бұйырамын:

1. "Жергілікті атқарушы органның заемдары мен борыштары туралы тоқсан сайынғы есептің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 10 сәуір N 168 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде N 1126 тіркелген) күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алу мен борыш мониторингін қамтамасыз ету мақсатында және "Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 тамыздағы Заңына сәйкес, бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған жергілікті атқарушы органның заемдары мен борыштары туралы тоқсан сайынғы есебінің нысаны бекітілсін.

2. Мемлекеттік қарыз алу департаменті:
осы бұйрықты жергілікті атқарушы органдардың назарына жеткізсін;
жергілікті атқарушы органдардың қарыз алу мен борыш мониторингін жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

**Жергілікті атқарушы органның заемдары мен
борыштары туралы тоқсан сайынғы**

Жергілікті атқарушы органның заемдары мен борыштары туралы есеп жергілікті атқарушы органдардың заемдарын, тиісті жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тартқан заемдар бойынша берешекті игеру, өтеу және оларға қызмет көрсету мониторингі мақсатында есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейін тоқсан сайын беріледі.

1-бағанда заем туралы келісімнің нөмірі мен оған қол қойылған күн көрсетіледі.

2-бағанда заемның валютасы көрсетіледі.

3-6-бағандарда заем қаражатының игерілуі (түсуі) көрсетіледі. 3-бағанға есепті кезеңнің басындағы заем қаражатын игерудің сомасы қойылады, 4-бағанда есепті кезеңде игеру сомасы көрсетіледі, 5 және 6-бағандарда есепті кезеңнен кейінгі келесі тоқсанға және жылдың аяғына дейінгі заем қаражатының игерілу (түсу) болжамдары көрсетіледі.

7-11-бағандарда негізгі борышты өтеу жөніндегі төлемдер көрсетіледі. 7-бағанда төлемдердің басынан бастап негізгі борышты өтеу сомасы көрсетіледі, 8-бағанда - есепті кезеңде негізгі борышты өтеу бойынша тиісті төлемдер, 9-бағанда - есепті кезеңде іс жүзінде жүргізілген төлемдердің сомасы, 10 және 11-бағандарда келесі тоқсанда және жылдың аяғына дейін негізгі борышты өтеу төлемдерінің болжамдары көрсетіледі.

12-бағанда есепті кезеңнің аяғындағы заем бойынша негізгі борыштың қалдығы көрсетіледі (3-бағ.+4-бағ.-7-бағ.-9-бағ.)

13-17-бағандарда сыйақының (мүдденің) төлемдері көрсетіледі. 13-бағанда есепті кезеңнің басындағы жағдай бойынша сыйақының (мүдденің) төленген төлемдерінің сомасы көрсетіледі, 14-бағанда - есепті кезеңде төлеуге жататын сыйақы (мүдде) төлемдерінің сомасы, 15-бағанда - есепті кезеңдегі сыйақының (мүдденің) іс жүзінде жүргізілген төлемдерінің сомасы, 16 және 17-бағандарда - келесі тоқсанда және жылдың аяғына дейін сыйақы (мүдде) төлемдерінің болжамдары көрсетіледі.

18-22-бағандарда барлық ілеспе төлемдер (аванстық төлемдер, комиссияндық ақылар, айыптар, сақтандыру жарналары және т.б.) көрсетіледі. 18-бағанда өздерінің төлеуден бастап жүзеге асырылған барлық ілеспе төлемдердің сомасы көрсетіледі, 19-бағанда - есепті кезеңде төлеуге жататын ілеспе төлемдер, 20-бағанда - есепті кезеңде жүргізілген ілеспе төлемдердің сомасы, 21 және 22-бағандарда - келесі тоқсанда және жылдың аяғына дейін ілеспе төлемдердің болжамдары көрсетіледі.

23-28-бағандарда есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы негізгі борыш,

сыйақы (мүдде) және ілеспе төлемдер бойынша мерзімі өткен (тиесілі, бірақ жүргізілмеген) төлемдер көрсетіледі. 26-баған (23-бағ. + 8-бағ. - 9-бағ.), 27-баған - (24-бағ. + 14-бағ. - 15-бағ.), 28-баған - (25-бағ. + 19-бағ. + 20-бағ.) айырмашылық ретінде анықталады.

Қызмет көрсетілетін заемдар бойынша есепті толтыру аяқталғаннан кейін заемның әрбір валютасының сомалары бойынша "Барлығы:" жолы жеке толтырылады, мәселен, АҚШ долларымен, маркамен, теңгемен және т.б. барлығы. "Жиыны:" жолы заемның, төлемдердің сомасын теңгемен көрсетеді. Заемның, төлемдердің шетелдік валютадағы әрбір сомасы теңгенің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағамы бойынша теңгемен төлем күніндегі тиісті валютаға аударылады.

1-тоқсан үшін есепті толтырған кезде 5, 10, 16, 21-бағандарда ағымдағы жылдың 2-тоқсанындағы деректер, ал 6, 11, 17, 22-бағандарда - 2-тоқсаннан бастап ағымдағы жылдың аяғына дейінгі деректер көрсетіледі. 3-тоқсан үшін есепті толтырған кезде 5, 10, 16, 21-бағандарда ағымдағы жылдың 4-тоқсанындағы деректер, ал 6, 11, 17, 22-бағандарда - 4-тоқсаннан бастап келесі жылдың аяғына дейінгі деректер көрсетіледі. 4-тоқсан үшін есепті толтырған кезде 5, 10, 16, 21-бағандарда есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1-тоқсанының болжамды сомасы, ал 6, 11, 17, 22-бағандарда - келесі жылдың 1-тоқсанынан бастап 4-тоқсанын қоса алғандағы болжамның сомасы көрсетіледі.

Жергілікті атқарушы органның заемдары мен борыштары туралы есеп берген кезде тиісті жергілікті атқарушы орган заем туралы келісімге (бастапқы есеп берген кезде - жинақталған борыштар бойынша) қол қойылғаннан кейін бір рет " Заем шарттары" N 1 қосымшасына сәйкес ақпаратты береді. N 1 қосымшада заем берушінің (несие берушінің), заем алушының атауы және олардың толық деректемелері (мекен-жайлары, телефон, телефакс нөмірлері, бірінші басшылардың аты-жөндері) заемның әрекет ету кезеңі игерудің басталуы және заемды өтеудің аяқталуы, заемның сомасы, заемды тартудың мақсаты, сыйақы (мүдде) ставкасының мөлшері көрсетіледі. Заемды өтеу жөніндегі төлемдердің шарттары, мерзімдері және сомасы өзгерген жағдайда, қосымша келісімдердің бастапқы шарттарды өзгертетін шарттары толтырылады.

4, 9, 15, 20-бағандарда көрсетілген сома "Жергілікті атқарушы органның заемдары бойынша есепті кезеңде жүргізілген игерулердің және төлемдердің түсіндірмесі" N 2 қосымшасына сәйкес түсіндіруге жатады. Түсіндірмеде көрсетілген жиынтық мәндер жергілікті атқарушы органның заемдары мен борыштары туралы есептің тиісті көрсеткіштеріне тең болуы тиіс.

Жергілікті атқарушы органдар қабылдаған міндеттемелер, сондай-ақ олар берген кепілдіктер мен кепілгерліктер "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңы күшіне енгізілгенге дейін

жергілікті атқарушы органның заемдары мен борыштары туралы есепте ұқсас түрде барлық бағандарда, әрқайсысы жеке жолмен көрсетілуі тиіс.

Жергілікті атқарушы орган есепті бергеннен кейін іс жүзіндегі көрсеткіштердің (игеру төлемдер) мәндері өзгерген кезде кейінгі есепте осы өзгерістер "есепті кезең үшін" тиісті бағандарында ескеріледі, ал N 1 қосымшада осы өзгерістің түсіндірмесі көрсетіледі.

Есепке жергілікті атқарушы органның жауапты атқарушысы, жергілікті атқарушы органның қаржы бөлімшесінің басшысы және жергілікті атқарушы органның басшысы қол қояды.

Жергілікті атқарушы
органның заемдары мен борыштары
туралы тоқсан сайынғы есептің

нысанына N 1 қосымша

Заем шарттары

р/N!Заем берушінің!Заем алушының! Келісімнің ! Аймақтық инвестициялық
!деректемелері !деректемелері!(қосымша Келі! жобаның атауы
! ! !сімнің) нөмірі!Жобаның өзінің атауы (не.
! ! !мен күні !месе өзін іске асыруға
! ! ! !заем алынған мақсаты)

! 1 ! 2 ! 3 ! 4

т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы :

Тиісті !Заемға қызмет!Заемның әрекет ету!Заемның сомасы! Негізгі
Мәслихаттың ! көрсететін !кезеңі (игерудің ! мен валютасы ! борышты
қарыз алу ! қаржы !басталуы және ! !өтеу сызбасы
туралы шеші. ! агенттінің !өтеудің аяқталуы) ! !-----
мінің нөмірі ! атауы ! ! !күні !Сомасы
м е н к ү н і ! ! ! ! !

5 ! 6 ! 7 ! 8 ! 9 ! 10

т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы :

Төлемдердің мерзімділігі ! Ілеспе төлемдердің түрлері, ! Өтеу шотының

және сыйақы (мүдде) ! мерзімділігі және ставкалары ! деректемелері
с т а в к а л а р ы ! !

-----!-----!

Күні ! Ставкасы ! Түрі! Төлемнің күні !Ставкалары!
! ! және/немесе ! !
! ! ш а р т ы ! !

11 ! 12 ! 13 ! 14 ! 15 ! 16

бірінші басшы қолы аты-жөні
қаржы басшысы қолы аты-жөні
атқарушы қолы аты-жөні

М О

Жергілікті атқарушы
органның заемдары мен борыштары
туралы тоқсан сайынғы есептің

нысанына N 2 қосымша

**Жергілікті атқарушы органның заемдары бойынша есепті кезеңде
жүргізілген игерулер мен төлемдердің түсіндірмесі**

р/N! Заемның !Заем қаражатының игерілгені!Төлемнің тағайындауы (негізгі
!нөмірі мен ! (түскені) !борышты өтеу, сыйақы (мүдде),
! күні !-----!айыптар, банк-агентке комиссия.
! күні ! сомасы мен !лық сыйақы, аванстық төлемдер
! ! ! валютасы !немесе т.б.)

! 1 ! 2 ! 3 ! 4

А Қ Ш Б а р л ы ғ ы :
\$ - м е н
D M R - м е н
J P Y - м е н
ж ә н е т . б .
Ж и ы н ы :

т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы :

Төлемнің валютасы !Төлемнің нөмірі !Төлемнің сомасы
! м е н к ү н і !

5 ! 6 ! 7

бірінші басшы қолы аты-жөні
қаржы басшысы қолы аты-жөні
атқарушы қолы аты-жөні

МО

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
2000 жылғы 10 сәуір
N 168 бұйрығымен

бекітілген

**Жергілікті атқарушы органның заемдары мен борыштары туралы тоқсан
сайынғы есептің нысаны**

_____20____жылғы_____тоқсандағы.
жергілікті атқарушы органның атауы

Жергілікті атқарушы орган есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейін
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне береді

р/Н!Заем туралы!Заемның!Заем қаражатының игерілгені (түскені)! Негізгі
!келісімнің !валюта.!-----!
!нөмірі мен !сы !Есепті !Есепті ! Игеру болжамы !Есепті
!күні ! !кезең. !кезеңде !-----!кезеңнің
! ! !нің ба.!игерліген!келесі !ағымдағы !басындағы
! ! !сындағы!заемның !тоқсанда!жылдың !жағдай
! ! ! !сомасы ! !аяғына !бойынша
! ! ! ! !дейін !төлемдердің
! ! ! ! ! !басынан
! ! ! ! ! !бергі
! ! ! ! ! !барлығы

! 1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

Б а р л ы ғ ы :
А Қ Ш \$ - м е н
D M R - м е н

